




Дейл Карнеги

- Сөзді жарты сағатта тез пісетін пирог сияқты дайындып шығуға болмайды. Тақырыпта бір апта бойы ойыңызда ұстаңыз. Ол туралы айтуға болатын барлық мәселелерді қағазға жазып, ойыңызда пісіре беріңіз, қандай ақпарат керек, қандай ақпарат жетпейді деп есептейсіз? Тақырыпты достарыңыздың арасында, жиналған аудиторияда, мүмкіндік болатын барлық орындарда талқылай беріңіз, сөзге тарта беріңіз. Қалада жаяу жүресіз бе, ванна қабылдайсыз ба - барлық уақытта тақырып ойыңызда жүрсін




Белгілі француз саясаткері Жан Жорес депутаттар палатасында бір жыл сөйлемей отырған екен. Тек бір жылдан кейін ғана өз қорқынышын жойып мінбеге шығыпты.

Ллойд Джордж өзінің алғашқы сөзі туралы былай дейді: Мен алғаш шыққанда тілім байланып, тамағым аузыма тығылғандай әсерде болдым.



Қандай тақырыпқа сөйлейсіз?

- Жалпыланған тақырыптардан қашыңыз.
- Мысалы :”Денсаулықты сақтау” Жалпыланған тақырыптар көптеген мәселелерді анықтауды, әр түрлі мәселелер туралы жалпы айтуды қажет етеді.
- Сөйлеу мақсатын анықтаңыз. Сөз кімге бағытталады? Бірде шешен темекінің зияны туралы дәріс оқиды. Кездесу аяқталған соң, тыңдаушылар одан : “ Сіз мұның бәрін бізге не үшін айттыңыз?”деп сұрайды. Сөйтсе аудиторияның сексен пайызы темекі шекпейтіндер болып шығады.
- Бұл лектор аудитория алдында темекі туралы айтпауы керек деген сөз емес. Осы мәселені ол басқа аспектіде қарастыруы керек еді . Шешен сөз мақсатын өзі үшін де , аудитория үшін де анықтауы тиіс.



Қажетті әдебиетті таңдау

- Осы тақырып бойынша бұрын оқыған әдебиеттерді еске түсіріңіз.
- Өз жеке кітапханаңызды қараңыз.
- Кітапхана каталогын қараңыз.
- Мерзімді басылымдардың соңғы жылғы номерлерін қарап шығыңыз.
- Шешендік өнер тарихында өз сөзін ең ұзақ дайындаған адам физик А.Г.Столетов болған. Ол дәріс оқу туралы ұсынысты 1889 жылы алып, 1894 жылы оны оқыған. Ғалым осы жылдар арасында өз дәрісінің жоспарын өзгертіп, мәтініне өзгерістер енгізіп отырған.

- Материал жинау барсында шешен сөзінің жоспары өзгеріп отырады. Әрине, оны үнемі өзгерте беруге болмайды. Сөзінің жоспары анықталмаған немесе қағазға түсірілмеген автор тақырыптан ауытқиды. Бұл жөнінде А.Ф.Кони былай дейді: “Шешеннің ой ағымы маңызды. Егер адам тақырыптан тақырыпқа секіре беретін болса, негізгі ой үзіле беретін болса, ондай сөзді тыңдау мүмкін емес”.

Сөз жоспары

Индуктивті жоспар

- 12 жылдық білім беру жүйесін енгізуді кейінге қалдыру керек. біріншіден, материалдық- техникалық дайындық толық жасалған жоқ.

Екіншіден, кадрлардың кәсіби қайта даярлау жұмыстары өз міндеттерін талапқа сай орындай алмай отыр.

Дедуктивті жоспар

- Сізге тобыңызды, достарыңызды балетке баруға үгіттеу керек. Қандай дәлелдер келтіресіз? Дәлелдер сөз соңында “сондықтан балетке барайық “деген тұжырыммен аяқталу керек.
- Достарыңызды шешен сөйлеге үйренуді ұсынғыңыз келеді. Қандай дәлелдер келтіресіз? Сөз соңы курсқа бірге барайық немесе пікіралас өткізейік деген сөзбен аяқталу керек.

Аналогия негізіндегі жоспар

- Кредиттік технология ҚМЭБИ -де өзін ақтады.
- Біздің жоғары оқу орнымызда да осы жүйені енгізуге болады. Өйткені біз де Қазақстан азаматтарын оқытамыз.

Құбылыстар арасындағы себеп- салдарлық байланысқа негізделген жоспар

- “Биыл азық -түлікпен халықты қамтамасыз етуде қиындықтар болады” деген тұжырымды оқиғалар арасындағы себеп- салдарлық байланыс негізінде көрсетейік.
- қардың қалың түсуінен солтүстік облыстарда мал шығыны болды.
- Қар суының еруінен жер асты сулары көтерілді. Ауылдар су астында қалды.Тасқын судан өте көп мал шығыны болды.
- Ауа райының құбылмалығы егістік жұмыстарын жүргізуде көп қиындықтар туғызып отыр. Ал бұл егіннің уақытында салынып, жатқызылуына кедергі келтіруі мүмкін.
- Бұдан шығатын қорытынды азық -түлік тапшылығы, жұмыссыздық орын алуы мүмкіндігі үлкен.

“Жамандық және оны жеңудің жолдары” сызбасы бойынша
жоспар құру

- Қоғамдағы мәселе және оны шешудің жолдары
- Қажеттілік және оны шешудің жолдары
- Жамандық немесе әділетсіздік және оны шешудің жолдары

“

-
- Парыз және оны орындаудың жолдары
 - Теория және парктика” сызбасы бойынша жоспар құру

Бір тақырыпты таңдаңыз.

- Марихуананы сатуды легализациялау
- Азаматтар сайлауға міндетті түрде қатысуы тиіс
- Білім алу ақылы болу керек.
- Неке институтын жою қажет